

Сейсембекова М.С.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ФРАНЦУЗ СӘН ДИЗАЙНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ

Сейсембекова М.С.

ПРОТИВОРЕЧИЯ ФРАНЦУЗСКОГО ДИЗАЙНА МОДЫ XX ВЕКА

M.S. Seisembekova

**THE CONTRADICTIONS OF FRENCH FASHION DESIGNS
OF THE TWENTIETH CENTURY**

УДК:345.321

Бұл мақалада автор XX ғасырдағы француз сән дизайнындағы қарама-қайшы ой пікірлер туралы қысқаша баяндаған.

Негізгі сөздер: мода, дизайн, психология, қарама-қайшылық.

В этой статье автор кратко доложил о столкновении противоречащих мнений дизайнера моды в XX веке.

Ключевые слова: мода, дизайн, психология, противоречие.

In this article an author briefly reported at the collision of contradictory opinions of design of fashion in XX eyelid.

Key words: fashion, design, psychology, a contradiction.

Қазіргі сұлулықты түсіну, оның қыр-сырын ұғыну – адам баласының эстетикалық талғамына, тәрбиесіне, қоғамдағы орнына және т. б. факторларға тікелей байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейтін қағида екені анық. Өмірде қарама – қайшылықтардың, оның ішінде киім дизайнында да бір-біріне мүлде қарама-қайшы әртүрлі ағымдардың болуы заңды құбылыс. «Сұлу» және «ұсқынсыз» сияқты өзара қарама-қайшы ұғымның бірін-бірі алмастырған кездері жетерлік.

Мысалы, еуропалық сән үрдісі белең алғанға дейін жапондық әйелдер күлгенде ауыз қуысы қара болып көрінуі үшін тістерін қараға бояп отырған. Сол сияқты, қытайлықтардың ұғымынша әйелдің аяғы неғұрлым кіші болса, әйел соғұрлым сұлу саналған. Бұл үшін әйелдер өздерін қинап ағаштан жасалған тар қалып киген. Ғасырда еуропа бикештері қыпша бел болып көріну үшін арнайы корсет киіп, тамақтануды барынша шектеп отырған. Ал көптеген сібір халықтарында әйел неғұрлым толық болса, соғұрлым әсем саналған, сондықтан әйелдер барынша көп тамақтанған [1].

Белгілі сән бағыттарының негізін салушылардың өмірі мен шығармашылығын, олардың бағыттарының өзара қарама-қайшылығын зерттеудің, талдаудың мәні әрқашан да актуальді болып қала береді. Олардың өмірлері қалай қалыптасты немесе қалыптасуын жалғастыруда? Оларды шығармашылықпен

айналысуға не итермеледі? Олардың тек өздеріне ғана тән шығармашылықтары неден көрінеді? Олар шығармашылық еркіндік пен әлеуметтік-экономикалық қажеттілік арасындағы қайшылықты қалай шешіп отырды?

Сән құбылыстарын талдау әдістерін жасау мен олардың әлеуметтік-психологиялық мінездемесін қалыптастырудың маңызды ғылыми және қолданбалы мәні бар. Бұл мәселерді шешу арқылы қазір өндіруші, дистрибьютер және тұтынушы үшін өте актуальді болып отырған сәндік ағымдарды болжау бағдарламаларының алғышарттары түзіледі.

Пессимистер қазір сән өнерінің өнер ретінде жойылғандығын алға тартып отыр. Бұл пікір сәннің сыртқы эффектілерін аңсау әсерлеріне негізделген. Ал біз оптимист ретінде осы құбылыстың тереңіне бойлап, оның одан әрі дамуын елестетіп көрейік. Қазіргі әлемде күн санап өзгеретін «тұрақсыз сәннен» өткен тұрақты құбылыс жоқ екенін ескере отырып, адамзат баласының осы бір жұмбақ сырын сақтап қалуға тырысайық.

Кәсіби киім дизайнері өз шығармашылығында жалпылама принциптер мен әдістерді ғана емес сондай-ақ ол тек өзіне ғана тән жекедара, ерекше принциптер мен әдістерді қолданады. Көптеген белгілі модельерлер киім модельдеудің тек өздеріне тән әдістері мен түрлері жүйелерін пайдалану арқылы ғана атаққа ие болды. Психологтар бұл жүйені шығармашылық іс-әрекеттің жеке дара стилі деп те атайды.

Адамның жеке ерекшеліктерінің жиынтығы оның іс-әрекетінің талаптарын тек ішінара ғана қанағаттандыруы мүмкін. Сондықтан адам саналы немесе стихиялы түрде өзінің осы жұмысты орындау үшін бағалы деген қасиеттерін жұмылдырады және осыған кедергі болатын қасиеттерінен бас тарта отырып өзінің мақсаттарына жетеді.

Адамның іс-әрекеттің жекедара стилі дегеніміз – ол сол адамның ұқсас жағдайларда атқарылатын ұқсас жұмыс әдістерінің қайталанбас нұсқасы.

Сән әлемінің «мэтрлері» Шанель, Диор, Лоран және т.б өмір тарихымен, шығармашылығымен жақын танысу арқылы олардың шығармашылық-

тарының қайшылықтары мен бай өмірлік тәжірибелерінің өзара тығыз сабақтасқанын байқауға болады.

Коко Шанельдің шығармашылығында жас Габриельдің кәметке толғанға дейін тәрбиеленген Обаза монастырының әсерлері анық байқалады [1.183].

Дизайнер шығармашылығының жекедара стилін қалыптастыру дегеніміз – оның жұмыстарының нәтижесіне деген сән бизнесінде сұранысты және қайталананбас үлгілерді қалыптастыру, тұтынушылардың арасында оның үлгілерін танымал болуы және шығармашылық потенциалын дамыту болып табылады [2.183].

Кезінде сән саласында төңкеріс жасаған үлгілер мен әйелдердің күнделікті өмірде жиі қолданылатын бұйымдарды жасап шығарушы Коко Шанель және тек әйелдерге ғана тән нәзік стильді ұстанған Кристиан Диор әлемдік сән дизайн тарихында ең танымал тұлғалар ретінде танылды. Олардың коллекциялары бір-біріне қарама-қайшы болды. Солай бола тұра әлемде осы бір-біріне қарама-қайшы екі сән үлгілерінің өз қолдаушылары мен қолданушылары осы күнге дейін жеткілікті болды және бола береді.

Осы бір өзара қарама-қайшы шешімдер мен идеялардың Францияда пайда болуына не ықпал етті? Және қайталананбас осынау сән стилдерінің негізін салушылардың қайсысының осы заманда тұтынушылардың саны басым?

Шанельдің стилінің пайда болуы және оған француз әйелдерінің жаппай бет бұруына XIX ғасырдың басындағы белгілі тарихи оқиғалар зор ықпал етті. Қоғамдық идеологияның өзгеруі барысында Коко Шанель әйелдерге қарапайым да елеусіз киім түрлерін эксклюзивті стиль элементтеріне айналдыруды, сондай-ақ ол бұған дейін барлық әйелдер киген ыңғайсыз тар корсеттерден, ұзын юбкалардан бас тарта отырып, тек өзін кез-келген жағдайда, ортада жайлы сезінетін киім үлгілерін пайдалануды ұсынды.

Жаңа ағымды жасаушы бұған дейін тек ер адамдарға ғана тән киім түрлері болып саналған (шалбар, смокинг, жейде) киім түрлерін өз стилінде батыл қолдана бастады. Бұл ретте Шанельдің бірінші кезекте модернизм заманы нәзік жандыларының стиліне деген өз жеке көзқарасын басшылыққа алғанын ескеру қажет.

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң сән әуесқойларының бұрынғыдай экзотикалық әшекейлер мен балл көйлектерін алуға мүмкіндіктері шектелген жағдайында Коко Шанельдің жейде фасонындағы блузкалары мен қысқалығы орташа тік пішіндегі юбкаларына үлкен сұраныс пайда болды. Мұнымен қатар Францияда ол ендірген әйелдер шалбары, иыққа асынатын сөмке, джерсиден тоқылған свитерлер және екі түсті туфлилер сәнге айнала бастады.

Коконның ең белгілі өнертабысы – кішкене қара көйлектің (оның пайда болуы Шанельдің өміріндегі

қайғылы оқиғаға байланысты еді) аса танымал болғандығын сол кездегі өмір талабымен түсіндіруге болады. Ресми кеңсеге де, кешкі сауыққа да, кез-келген сыртқы келбетке де және барлық әшекей түрлерімен де әдемі үйлесе кететін бұл әмбебап киім соғыстан кейінгі және революция жылдарында үлкен сұранысқа ие болды. Оның үстіне бұл кмімді тігу үшін аз ғана мата жеткілікті еді. Өйткені, сол уақытта тоқыма өнеркәсібі (өнеркәсіптің басқа салалары сияқты) аса ауыр жағдайда еді.

Алайда өткен ғасырдың бірінші жартысындағы оның сән дизайнына ендірген инновациялық жаңалықтарына қарамастан, екінші дүниежүзілік соғыстан соң қоғамда ол туралы теріс пікір қалыптасты. Шанельдің соғыстан кейін беделіне неміс дипломатымен жақын байланыста болғаны кері әсерін тигізді. Оның сән үлгілеріне деген қызығушылық осы себептерге байланысты күрт азая бастады.

Дәл осы уақыт шамасында (1947 ж) француз сән аренасында мүлдем жаңа концепция – New Look авторы Кристиан Диор ерекшеленді. Оның ең танымал коллекцияларының («Гүл», «Қызғалдақ», «Вертикаль») атаулары мен сюжеттері әйелдің табиғи нәзіктігі мен романтикасымен үндестірілген болатын.

Тек әйелдерге ғана тән атрибутикалар мен киім элементтеріне (қынама бел корсеттер, тобыққа түскен юбкалар) мән бере отырып Диор соғыстан кейінгі Франциядағы сұранысты дөп баса білді.

Соғыстан, тапшылықтан шаршаған әйелдер Шанельдің қарапайым киімдерінен Диордың сән-салтанатты киім үлгілеріне жаппай ауыса бастады. Жаңа сән әлемінің негізін салушы өзінің жаңа киім үлгілері оны қолданушыларда шаттық сезімін тудырып, жиі күлімсіреп жүруіне себепші болғанын және бұл өзі үшін ең жоғары баға болғанын мақтанышпен еске алады.

Бірақ, ол француз әйелдерінің есінде өзіне дейін болған сән салтанаттық киімдермен мен оны дизайнерлік жетілдіру арқылы француз образындағы әйелге тән нәзіктікті қайта жаңғыртушы ғана болып қалған жоқ. Оны сондай-ақ жаңа түрдегі әшекейлік бұйымдарды, пайдаланушылардың ғана тән ерекше косметикалық және порфюмерлік заттардың авторы ретінде де білді.

Алайда 1954 жылдан бастап француз сән әлемі тағы да атақты Коко Шанельдің революциялық идеяларының ықпалында қалды. Оның өз сөзі бойынша әрқашан «сәннен тыс» қалып келген бұл идеялары мұнан кейін өзіне сенімді іскер әйелдің имиджін қалыптастыруда негіз болып мәңгі қалуы тиіс.

Француз баспасөзі сән әлемінің олимпіне қайта оралған Шанель Габриель Бонердің жұртшылыққа бұрын белгілі сән үлгілерін қайта ұсынғанын түсінбеді. Осылай істей отырып Коко өзінің негізгі концепциясына – мәңгі ескірмейтін классикалық үлгіге және әсіре ерекшеліктерден аулақ болатынына адал екенін білдірді. Бұған қосымша ретінде

өзінің сән әлеміне қайта оралу кезінде француз әйелдеріне стилдің жаңа атрибутикасы – твидтен тігілген костюмді ұсынды. Бұл стиль өз танымалдығы жағынан атақты кара көйлекпен теңесті және Диордың шедеврлеріне жауап ретінде танылды.

Модельердің батыл қадамдарын сыншылардың теріс бағалауына қарамастан француз сәнқойларының жаңа буыны Коконның сән үлгілерін таңдады. Шанельдің сән үйі осы тектес ұйымдар арасында әлемдік сән индустриясының ең ірісі болды.

Коко Шанельдің шығармашылық шырқауының негізгі көрсеткіші ретінде оның голливудтік студиялармен іскерлік байланыстарын айтуға болады. XX ғасырдың 50-60 жылдарында Одри Хепберн және Лиз Тейлор сияқты белгілі тұлғалардың киім үлгілерін жасап шыққаны белгілі. Ал диор болса өзінің шығармашылығының шырқау шегінде Марлен Дитрих, Марго Фонтейн, Эдит Пиаф және жоғарыда аталған Лиз Тейлор сияқты атақты клиенттердің сахналық киімдерінің үлгісін жасады.

Әлемде сол уақытта біртіндеп аталған екі модельердің де стилдері таныла бастады. 50 жылдарда Европа Коконның әмбебап сән үлгілерімен шаттанса, сән республикасынан шалғайда жатқан елдердің тұрғындары өз гардеробтарындағы сән әлемінің патшайымының бұйымдарымен мақтанғаны анық белгілі.

Алайда, дәл осы уақытта мұның алдында ғана америкалық әйелдердің қысқа юбканы қорғау мақсатында оның жаңашылдығына қарсылық білдіргеніне қарамастан Диор Америкада сән өнерінің Оскарын алды.

Коко Шанель қайтыс болған соң оның Сән үйін неміс модельер Карл Отто Лагерфельд басқарды. Шанельдің басты принципі – брендтік киімнің барынша ыңғайлы болулығын басты назарда ұстай отырып, ол өз бірқатар инновацияларын да енгізді. Айталық, юбкаларды барынша қысқарту Лагерфельдтің идеясы болып табылады. Сондай-ақ ол жаңаша ертоқым пішіндес сәнді әрі ыңғайлы сөмкелерді жасап шығарды.

Қайтыс болған Диордың ісін жалғастырған оның талантты ассистенті, унисекс стилінің негізін салушы - Ив Сен Лоран болды.

1960 жылы оны Сән үйінің директоры лауазымында жаңа лептің негізін салушының дәстүрін жаңғыртушы Марк Боан алмастырды. Бұл кутурье күнделікті киюге ыңғайлы сәнді маталардан тігілген кешкі және баллдық көйлектер топтамасымен және әйелдер гардеробының ыңғайлы ойластырылған детальды элементтерімен даңққа бөленді.

Кейінірек оны бұл қызметте өзінің контрасты және көлемді модельдерімен аты шыыққан Жанфранко Ферре ауыстырды. Одан кейін Диордың сән үйінің арт директоры болып өзінің авангардтық сән топтамаларымен белгілі дизайнер Джон Гальяно қызмет атқарды.

XXI ғасырда Францияда кімнің қай стилі басымдылыққа ие болып қалды? Немесе стильдері бір-біріне қарама-қайшы әлемге әйгілі осы екі кутурьенің қайсысын қазіргі француз әйелдері таңдар еді?

Париждік соңғы Сән апталықтарының нәтижелері француз сән подиумында екі негізгі сән үлгісі басымдыққа ие болып отырғанын көрсетті. Олар: өз образдарын жетілдіруде ерлер киім элементтерін батыл қолданушы – «жаңа амазонкалар» аталып жүргендер стилі және дәстүрлі әйелге тән нәзік стильді қолданушылар.

Яғни осыдан ондаған жылдар бұрын атақты екі кутурье негізін салған бағыттарға деген қызығушылық қайта оянып отыр. Сонымен қатар басты бағыттар ретінде қазіргі заманға сай стильдік атрибуттар заманауи келбетке ие болып отыр. Бұлармен бірге төмендегі үш марканың стилдік концепциялары негізгі саналып отыр:

- соңғы топтамаларында романтизм, сексуальдық және ашық түстердің айқын француздық үйлесімділігін басты назарда ұстаған - Christian Dior;
- 2012 жылы басты назарда әйелге тән нәзіктілікті ұстай отырып француз стилін монотонды түстерде көрсете білген – Yves Saint Laurent;
- Ұлттық күрделі ою-өрнектермен, сәнді маталарымен және ұзын бұйымдармен аты шыққан – GivenchI.

Бұл түрлі мәдениеттер мен стильдер сапырылған мына заманда Диордың сән-салтанаты Шанельдің «мәңгі» классикасына қарағанда алға шыққанын білдіре ме? Мүмкін. Бірақ, бұл жерде Франция және басқа да елдердегі сәнқұмар әйел қауымының ыңғайлы офистік костюмдерден, ұзындығы орта және қысқа ыңғайлы юбкалардан және әйелдер шалбарынан ешуақытта бас тартпайтынын ұмытпау керек. Оның үстіне кейінгі кезде Коко стилінің соңғы элементтері көше сәнінің басты элементтеріне айналып отыр.

Жалпы сән олимпінің осы екі қайраткерінің де мұраларын бағалы әрі ұмтылмас құндылықтар деп санауға әбден болады. Ал олардың стильдік бағыттары болашақ киім дизайнерлерінің өз бағыттарын табуда негіз, бағдар болып қала беретіне ешкімнің таласы болмаса керек.

Литература:

1. Килошенко М.И. Психология моды.: теоретические и прикладные аспекты.- СПб.: СПГУТ, Проблемы дизайна в costume Межвуз. сб. науч. тр./ Моск гос. акад. А.Н. Косыгина.-МГТА, 1992..
2. Килошенко М.И. Дизайн одежды как результат творческого воображения. Дизайн в России: проблемы теории и Тез. докл. и выступлений отв. ред. Ю.В. Манько - СПб. : 1998. 67-68 . СПГУТ
3. www.rekshaz.com Дизайн, конструирование, мода.

Рецензент: к.пед.н., доцент Жолдасова Б.